




Негізгі түйіндер

Экономиканың едәуір баяу есуі

2015ж. қаңтар-наурызында қысқамерзімді экономикалық индикатор есуі, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 102,5%-дан 102,0%-ға дейін баяулады. Сонымен қатар, көліктен бөлек, экономиканың барлық негізгі салаларында есу үрдісі сақталған.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-наурыз	2015ж. наурыз	% -бен		2015ж. наурыз 2015ж. ақпанға
					2014ж. қаңтар-наурызға	2014ж. наурызға	
А		Б	1	2	3		
1	ІЖӨ (2014ж. қаң.-жел. үшін жедел деректер)	млрд.теңге	38 712		104,3		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	3 372,3	1 197,5	100,6	100,9	115,5
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	254,3	98,1	103,0	103,8	129,7
4	Құрылыс	млрд.теңге	262,0	115,1	101,9	102,6	133,9
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	118,4	39,9	97,7	95,5	105,7
6	Байланыс	млрд.теңге	170,1	56,1	107,3	104,0	102,3
7	Сауда	млрд.теңге	1 301,6	453,3	103,6	103,1	110,5
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	961,1	400,3	102,9	105,8	131,1
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	-	-	106,2	105,2	100,1
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	-	5,0	-	-	-

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-ақпан	2015ж. ақпан	% -бен		2015ж. ақпан 2015ж. қаңтарға
					2014ж. қаңтар-ақпанға	2014ж. ақпанға	
А		Б	1	2	3		4
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	13 393,1	5 909,7	62,9	55,2	79,0
1.1.	- экспорт	млн. долл.	8 533,8	3 725,1	54,2	47,5	77,5
1.2.	- импорт	млн. долл.	4 859,3	2 184,6	87,8	76,3	81,7
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс	мың теңге	124,4	62,4	110,1	110,4	100,5
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	-	120,9	-	-	-
4	Нақты жалақы индексі	%	-	-	-	-	-

Ескерту: Шолуды дайындау кезінде Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банктің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемстатистиканың Федералдық қызметі деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 жылғы қаңтарда өнеркәсіп пен құрылысты қоспағанда, іс жүзінде барлық салалардың өсуіне негізделген экономиканың өсуі жалғасты.

Оң үдерістер

p/c №		2014ж. қаңтарға %-бен 2015ж. қаңтар	Факторлар	Анықтамалық: 2013 ж. қаң.-жел.%-бен 2014ж. қаң.-жел.
1.	ІЖӨ (2014ж. қаң.-жел. үшін жедел деректер)	104,3	өнеркәсіп пен құрылыстан басқа, іс жүзінде барлығын құрайтындардың өсуі	
2.	Өнеркәсіп	100,6	тау-кен және өңдеу салаларының көрсеткіштерінің жақсаруы	100,4
2-1.	Тау-кен өндіру саласы	101,1	шикі мұнай, табиғи газдың және металл рудаларын шығару көлемдерінің ұлғаюуы	100,9
2-2.	Өңдеу саласы	100,5	металлургия өнеркәсібінде шығару көлемдерінің ұлғаюуы	100,3
3.	Ауылшаруашылығы	103,0	мал шаруашылығы көрсеткішінің жақсаруы	102,4
4.	Құрылыс	101,9	күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары көлемдерінің ұлғаюуы	101,5
5.	Байланыс	107,3	Интернет желісінен көрсетілген қызметтен кірістердің ұлғаюуы	109,0
6.	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	103,6	базарлар мен жеке кәсіпкерлердің саудасының өсуінің жалғасуы	103,9
7.	Негізгі капиталға инвестициялар	102,9	меншік қаражаты есебінен қаржыландыруды ұлғайту	102,5
8.	Инфляция	106,2	азық-түлік тауарлары бағасының төмендеуі	106,8

Көлік саласында жүкайналым төмендеді. Импорттың және экспорттың жалғасып қысқаруы сыртқы сауда айналымының төмендеуі қарқынының ұлғаюуына себепші болды.

Теріс өзгерістер

№пп		2014ж. қаңтарға %-бен 2015ж. қаңтар	Факторлар	Анықтамалық: 2013 ж. қаң.-жел.%-бен 2014ж. қаң.-жел.
9.	Көлік	97,7	теміржол көлігінде жүкайналымының төмендеуі	115,5
10.	Сыртқы сауда айналымы (2014 ж. қаң.-жел. және 2014 ж. қаң.-қар.)	62,9	экспорттың және импорттың төмендеуі	71,1
10-1.	Сыртқы сауда айналымы: экспорт (2014 ж. қаң.-жел. және 2014 ж. қаң.-қар.)	54,2	минералды өнімдер, сондай-ақ отынэнергетикалық тауарлар, бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	60,8
10-2.	Сыртқы сауда айналымы: импорт (2014 ж. қаң.-жел. және 2014 ж. қаң.-қар.)	87,8	машиналар мен жабдықтар импортының қысқаруы	101,8




Ішкі жалпы өнім

1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен

2014 жыл үшін ІЖӨ 4,3%-ға өсті

ҰМСМК-нің деректері бойынша, ІЖӨ 2014 жыл үшін нақты көрсеткіш бойынша 4,3%-ға ұлғайып, 38,712 трлн.теңге болды

Тауарлар өндірісі 0,9%-ға, ал қызмет көрсету 6,1%-ға өсті. 2013 жылғы осындай көрсеткіштермен салыстырғанда, өндірістің өсуі 0,7%-ға баяулады, бұл ретте өндірістің үлесі 55,6%-ға дейін өсті.




Қызмет көрсету секторы, мұнда іс жүзінде барлық негізгі құрамдас бөліктер өсуді көрсетті, 2014ж. экономиканың драйвері рөлін атқарды

1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ

2014 жылғы 9 айда түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ 103,7%-ға ұлғайды

ҰМСМК деректері бойынша, 2014ж. 9 айда ІЖӨ нақты көрсеткіш бойынша 3,7%-ға ұлғайып, 25,63 трлн.теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 2,5%-ға өсті, жалпы жинақтау 2013 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 0,2%-ға ұлғайды.

Өсу мем. басқару органдарының (11,2%), ҰШҚҚҰ* (1,3%) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капитал жинақтары шығыстарының ұлғаюына (3,0%-ға өсу) себепші болды. "Таза экспорттың" үлесі экспорт үлесінің ұлғаюына (2,6%) орай тауарлар және қызмет көрсету импорты (1,5%) үлесінің азаюы кезінде 2013 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 3,3%-ға өсті.




*- ҰШҚҚҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

2014 жылғы қорытындылар бойынша - Өзбекстан ІЖӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰМСМК және ТМД Статистикалық Комитеттің деректері бойынша ТМД елдерінің арасында 2014ж. ІЖӨ-нің ең көп өсу 2013 жылғы тиісті кезеңге қатысты Өзбекстанда (8,1%-ға өсу), ең азы - Ресейде (0,6%) байқалды. Украинада 2014 жылы ІЖӨ 2013 жылға қарағанда 6,8%-ға төмендеді.





1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

Мұнайдың бағасы


Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етті. 2015 жылғы наурызда, 2014ж. наурызға қатысты, Brent маркалы мұнайдың номиналдық құны 48,0%-ға төмендеді, бұл ретте тау-кен өндіру саласында өндірістің нақты көлемі 1,4%-ға ұлғайды, ал тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі ақшалай көрсеткіште 41,2%-ға төмендеді.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемі

Өнеркәсіп өндірісіне негізгі салымды өңделмеген мұнай өндіру қосады, оның үлесі 2015ж. наурызда 39,8% болды.

2015ж. наурызда өңделмеген мұнайды өндіру (нақты көрсеткіш) 2014ж. наурызға қарағанда 1,2%-ға ұлғайды, Brent маркалы мұнайдың бағасы 2015ж. наурызда бір баррель үшін 55,8 доллар болды, бұл 2014ж. наурыздан 51,6\$-ға төмен және 2015ж. ақпаннан 2,1\$-ға төмен. Өндіру саласының жылдық НКИ 1,4%-ға, ал айлық - 15,1%-ға өсті.

2015ж. наурызда өңделмеген мұнайды өндіру көлемі (нақты көрсеткіш) 2014ж. тиісті кезеңге 0,9%-ға ұлғайды.




Сыртқы сұраныс

Қазақстандық экспорттың көп бөлігі Еуроодақ елдеріне (2014 жылғы қаңтар-желтоқсандағы экспорттың үлесі 60,7% болды), Қытайға (10,4%) және Ресейге (6,3%) жеткізілетіндіктен, осы елдердің экономикаларының жай-күйі Қазақстанның сыртқы саудасының көлеміне біршама тәуелді. 2014 жылда ЕО ІЖӨ өсуі (28) 1,3% болды, Ресейде 2014 жылы көрсеткіш көрсеткіш 0,6%-ға дейін баяулады, Қытайда 2014 жылы өсу 7,3%-ға дейін баяулады.

Сыртқы сауда айналымы
2014ж. қаңтар-желтоқсан

2015ж. қаңтар-ақпанда сыртқы сауда айналымы 37,1%-ға төмендеді (экспорт 45,8%-ға төмендеді, импорт - 12,2%-ға қысқарды). 2015ж. ақпанда (2013 ж. ақпан) сыртқы сауда айналымы 44,8%-ға төмендеді (экспорт 52,5%-ға қысқарды, импорт 23,7%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минерал өнімдер (80,1% 2015ж. қаңтар-ақпан), импортта - машиналар, жабдық, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (44,8%) басымдыққа ие. 2015 жылғы қаңтар-ақпанда Кеден одағы елдерімен экспорт 2015 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 34,6%-ға қысқарды, импорт - 12,9%-ға төмендеді.



Экономикадағы ақша ұсынысы

Сыртқы нарықтардағы конъюнктураның өзгеруі (мұнай бағасының төмендеуі) экономиканы кредиттеуге теріс әсерін тигізді. АҚШ-тағы сандық жұмсарту бағдарламасының аяқталуы, дамушы мемлекеттердің нарықтарынан капиталдың дамыған елдерге ағыны өңірлік және отандық экономикаға әсерін тигізді. Сонымен қатар, 2014 жылы Ұлттық қордың активтерінен экономиканы қолдауға қаражат бөлуге шешім қабылданды: банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін кредиттеуге бөлінген 100 млрд. теңге мөлшерінде қаражат толық игерілді, бұдан басқа, 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істейтін кредиттерімен жұмыс істеу үшін "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға жіберілді. Мемлекеттің шараларына орай сыртқы теріс факторлардың ықпал ету дәрежесі төмендеді, бұл экономиканы жеткілікті кредиттік ресурстармен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.


Кредиттер бойынша берешек*
2015ж. қаңтар-ақпанда кредиттеу көлемі 0,5%-ға 12,05 трлн. теңгеге дейін төмендеді.

Ең көп өсу құрылыс (2,1%) саласын кредиттеуде байқалды, сауда, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы және басқа** салаларды кредиттеу көлемі (0,6%, 0,5%, (-0,1%) және 0,4% тиісінше) мүлдем өзгерген жоқ. Кейбір төмендеу көлік және байланыс саласын кредиттеу көлемінде байқалды (-1,9%).

2015 жылдың басынан наурыз айына дейін байланыс, сауда және ауылшаруашылығын кредиттеу сәйкесінше 25,0%, 2,5% және 1,9%-ға төмендеген. Өнеркәсіп саласын кредиттеу көлемі өзгеріссіз қалды. Сонымен қатар, көлік саласын кредиттеу көлемдері ұлғайған (4,0%).

* - кезең соңындағы деректер бойынша

** - өндірістік емес сала, дара қызмет






2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ

Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп


Өнеркәсіптік шығару көлемдерінің өсуі

2015 жылғы қаңтар-наурызда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңге (2014 жылғы қаңтар-наурыз - 0,3%-ға азайды, 2015ж. ақпанда - 0,4%-ға өсті) 0,6%-ға ұлғайды. Ұлғаюға тау-кен өндіру және өңдеу салаларындағы көрсеткіштердің жақсаруы себепші болды.




Тау-кен өндіру - өндіріс көлемінің өсуі

2015 жылғы қаңтар-наурызда тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңге (2015ж. қаңтар-ақпан - 0,9%-ға өсті, 2014ж. қаңтар-наурызда - 0,8%-ға қысқарды) 1,1%-ға өсті. Өңделмеген мұнай өндіру 0,9%-ға дейін өсті (2015 жылғы қаңтар-наурызда - 0,7%-ға өсті), табиғи газ өндіру 7,8%-ға, металл рудаларын өндіру 4,1%-ға және түсті металлдар рудаларын өндіріс 7,3%-ға өсті.



Өңдеу - өндіріс көлемінің өсуі


Сала бойынша ұлғаю 2015ж. қаңтар-наурызда 2014 жылғы тиісті кезеңге (2015 ж. қаңтар-ақпан үшін - 0,3%-ға ұлғайды) 0,5% болды. Асыл және түсті металдар өндірісінің 24,5%-ға өсуі металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің 14,8%-ға ұлғаюына себепші болды (2015 жылғы қаңтар-наурызда асыл және түсті металдар өндірісінің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 37,6%-ды құрады).



2.2. Құрылыс

Өсу қарқынының ұлғаюы

2015 жылғы қаңтар-наурызда жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 1,9%-ға дейін өсті. Күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша жүргізілген жұмыстар 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, сәкесінше, 1,7 және 1,4 есе ұлғайды. Сонымен қатар, 2015ж. қаңтар-наурызда құрылыс-монтаж жұмыстары көлемі құрылыс жұмыстары құрылымындағы үлесі 89,4% болды, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,0%-ға азайды.






2.3. Ауылшаруашылығы

Өсу қарқынының жеделдеді

Ауылшаруашылығы секторы 2015 жылғы қаңтар-наурызда 2014 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 3,0%-ға өсті (2015 жылғы қаңтар-ақпанда - 2,4%-ға өсті, 2014 жылғы қаңтар-наурызда - 3,6%-ға өсті). Өсуге 2015 жылғы қаңтар-наурызда 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда мал шаруашылығы өнімі көлемінің 3,1%-ға ұлғаюы себепші болды, осы уақытта өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі өзгерген жоқ.




Қызмет көрсету саласы

2.4. Сауда

Өсудің жалғасуы


2015ж. қаңтар-наурызда бөлшек тауар айналымының өсуі 2014ж. қаңтар-наурызбен салыстырғанда 3,6%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар-ақпан - 3,9%, 2014ж. қаңтар-наурыз - 9,7%). Негізгі фактор - сауда-саттық жасаушы жеке кәсіпкерлердің сауда көлемінің өсуі - 5,9%-ға дейін (бөлшек тауар айналымындағы оның үлесі - 45,4%) өсуі.



2.5. Көлік

Жұқайналым көлемінің азаюы


Көлік секторындағы көлем 2014ж. қаңтар-наурызбен салыстырғанда 2015 жылғы қаңтар-наурызда 2,3%-ға азаюды көрсетті, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 12,0%-ға (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі 47,0% болды) азаю себепінен болды.



2.6. Байланыс

Өсудің баяулауы

2015ж. қаңтар-наурызда байланыс қызметі көлемінің өсуі 2014ж. сәйкескезеңімен салыстырғанда 7,3%-ға дейін баяулады (2015ж. қаңтар-ақпанда - 9,0%-ға өсті, 2014ж. қаңтар-наурызда - 11,2%-ға өсті). Негізгі фактор - Интернет желісі бойынша кірістердің 27,9%-ға өсуі.






3. Инфляция

3.1. Тұтыну бағасының индексі

Инфляция қарқынын баяулануы

2015 жылғы қаңтар-наурызда инфляцияның өсуі 2014 жылғы тиісті кезеңге қатысты 6,2% болды, бұған азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағаларының төмендеуі себепші болды. 2015ж. наурызда инфляцияның өсуінің қарқыны жылдық есеппен алғанда 5,2%-ға дейін баяулады (2014ж. наурызда - 6,2%), айлық өсу 0,1%-ды құрады. 2015ж. наурызда ақылы қызметтердің бағалары мен тарифтердің өсуі 0,1%-ды құрады.




4. Инвестициялар

4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Өсудің негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

Инвестициялардың өсу қарқыны 2015ж. қаңтар-наурызда 2014ж. тиісті кезеңге (2015ж. қаңтар-ақпанда көрсеткіштер 2,5%-ға өсті, 2014ж. қаңтар-наурызда - 1,9%-ға өсті) 2,9%-ға дейін артты. Негізгі көзі - меншікті қаражаттың үлесі 66,5% болды.




6. Еңбек нарығы

6.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыссыздық деңгейі өзгерген жоқ

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі мәнге дейін төмендеді және 12 ай бойы 5,0-5,1% шекте қалып отыр. 2015 жылғы қаңтарда жұмыссыздық көрсеткіші 5,0% болды.

2015 ж. наурызда жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар саны мүлдем өзгерген жоқ, нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі бұрынғы деңгейде қалды.



6.2. Халықтың кірістері

Өсу жалғасуда

2015 жылғы ақпанда орташа айлық жалақы 2014 жылғы ақпанда номиналдық көрсеткіш бойынша 15,2%-ға ұлғайды. Бұл ретте, 2015ж. ақпанда жылдық көрсетудегі халықтың нақты ақшалай кірісі 104,1%-ға дейін өсті.

